

ҚАРЫЗДАРМЫН МЕН САҒАН, САНДУҒАШЫМ!



Б.Досымжанов пен К.Байсейітова

Мен астанамыздың ең сәулетті демалыс алаңдарының бірі, опера театрының бағында серуендеуді ұнатамын. Әндер, ариялар орындаған үлкенді-кішілі әншілердің дауысын естимін. Сонда бір кездері қазақ халқының әні мен күйінің ордасы атанып, бүкіл елімізді таңдандырған өнер иелерін есіме аламын, жарқылдаған қылыштай жалт етіп, өзіне тартып алатын Құрмаш аға – Құрманбек Жандарбековты, күмістей сыңғырлаған дауысымен де, келбетімен де, адамгершілігімен де жаныңды баурап алатын, бұлбұл апайымыз Күләш Байсейітованы, маң-маң басып жүретін байыпты да ер көңілді

Қанабек Байсейітовты, сұңқардай саңқылдаған Манарбе

к Ержановты, әннің өзін көгершіндей қалықтататын Әміре Қашаубаевты, осы театрдың тынысымен демалған, тыныс берген Мұқан Төлебаевты, Ахмет Жұбановты еске аламын... Әміреден басқаларымен таныс едім, араластық та...

Мен Опера және балет театры құрылғаннан соң жеті жылдан кейін оның табалдырығын аттадым. Бұл жолы ресми түрде қабылдандым. Филармонияда жүрген жерімнен операның көркемдік жетекшісі И. Фелькевич қоярда-қоймай театрға алдырды. Ол кезде Көкен мен Шабал театрға орналасып алған. Жүректі бір қуаныш, бір үміт, бір күдік биледі. Оның себебі де бар еді.

Оны екі түрлі дәлелмен дәйектеуге болады. Біріншіден: Күләш, Құрмаш сияқты әншілермен қосылып ән айтуға жүрексіндім. Осы күдігім кейін де тарқамады. Күләш апай қанша мейірімін төккенмен, ән айтқан кезде мысы басып кететін. Ал Құрекең әр рөлді тамсандырып, тез өзгертіп, жандандырып жіберетін. Ондай тәжірибе жоқ. Ұлттық операмыздың саны да аз еді. Репертуарлардың бәрі бекітілген.

Екіншіден, Мәскеудің, Ленинградтың атақты әншілері келген. Олардың арасына дайындықсыз кірігу – қараңғы түнде қыл көпірден өтумен бірдей. Уақыт талабы да тездікті талап етеді. Содан кейін опера әр дауыстың ыңғайына қарай образды талап етеді емес пе? Ондай мүмкіндік жоқ. Нотаны, сөзді жаттайсың да сахнаға шығасың. Үш-төрт күн ғана уақыт береді. Қалғанын оркестрге тапсырасың, сенесің. Алайда, сол аз мезгілдің ішінде үш-төрт бейнені сахнаға шығардым.

Алғашқы образы – «Алтын астық» операсындағы жас матрос бейнесі. Либреттосын Сәбит Мұқанов, музыкасын Е. Брусиловский жазды.

Абай атындағы Опера және балет театрының атақты әнші-актерлері Күләш апайдан бастап Құрекенді, Қанакенді беделі, даңқы үшін емес, шын ықыласпен, ашық жүректерінің тазалығы үшін, театрдың өсуіне жан-тәнімен қызмет істеп, күйініп-сүйініп жүргендері үшін және біздерге, келешек жас буынға үлкен дәстүр қалдырғаны үшін де қадірлейміз.

Күләш Байсейітованың шығармасына толық тоқтала алмаймын. Себебі, Күлекеңнің өнері барынша халқымызға, кең-байтақ Отанымызға белгілі. Мен көптеген опералық спектакльдерде Күлекеңнің сахнадағы партнері болып қатыстым. «Біржан-Сара», «Абай», «Алтыншаш», «Даиси», «Төлеген Тоқтаров», «Евгений Онегин», «Демон», «Қыз Жібек» т.б.

Күлекеңмен сахнаға шығып, бірге ән айту, ойнау бір жағынан мен үшін зор қуаныш болса, екінші жағынан өте жауапты еді, жүрегіне беретінмін. Күлекеңнің актерлік дәрежесіне жетіп, оған ілесетін партнерге өте ауыр міндет жүктейді. Ол талмай ізденіп, көп нәрсені үйренуді талап етеді. Бірақ та Күлекең партнерінің сахнада жетпей жатқан жерін, ойынын көрермендерге білдірмей өзінің дәрежесіне көтеріп әкететін.

Сондықтан да Күлекеңмен сахнада әріптес болған сәттерімді бақытты шақтарым деп санаймын. Және Күлекең маған көп нәрсені үйретті. Жоғарыда атап өткен адамдардың әрқайсысының басқа әншілерге көрсеткен көмектері, сіңірген еңбектері ұшан-теңіз.

«Жұлдыз». – 1984. – №1